

«Бекітемін»  
«Жетісу облысы білім басқармасының  
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі»  
ММ«№2 бөбекжай- балабақшасы»

МККК меңгерушісі м.а.  
*Конырбаева* Г.А.Конырбаева  
« *31* » *08* 2022жыл



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мен  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына «музыка» ұйымдастырылған  
іс-әрекетіне арналған перспективалық жоспар**

*«Нұрбөбек» кіші тобы*

**Музыка жетекшісі: Ә.Рахметова**

**2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
музыкалық іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Нұрбөбек» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2-3 жас

| <b>Айы:</b>      | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:</b>  |
|------------------|---|
| <b>Қараша</b>    | <b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау.<br><b>Ән айту:</b> Педагогтың дауыс ырғағына еліктей отырып ән айту.<br><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қарапайым би қимылдарын орындау.  |
| <b>Желтоқсан</b> | <b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру.<br><b>Ән айту:</b> Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту.<br><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету. |
| <b>Қаңтар</b>    | <b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты ажырата білу.<br><b>Ән айту:</b> Жекелеген сөздер мен буындарды айту.<br><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату дағдыларын дамыту.   |
| <b>Ақпан</b>     | <b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау.<br><b>Ән айту:</b> Педагогтің дауыс ырғағына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.<br><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу дағдыларын дамыту.                                  |

|  |   |
|--|---|
| <p style="text-align: center;"><b>Наурыз</b></p> | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Баяу және көтеріңкі дыбысты ажырата білу. Әннің мағынасын түсіну.</p> <p><b>Ән айту:</b> Сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу дағдыларын дамыту.</p>  |
| <p style="text-align: center;"><b>Сәуір</b></p>  | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету.</p>   |
| <p style="text-align: center;"><b>Мамыр</b></p>  | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p> |